б) Банктің барлық кредит операциялары бойынша жиынтық кредит тәуекелін сипаттайтын және мыналарды қамтитын қоржындық кредит тәуекелі:

- белгілі өлшемдер негізінде біріктірілген кредит операциялары тобының тәуекелімен байланысты топтық тәуекелі;
- Банктің экономика, аймақ, нарық саралымы, қаржыландыру валютасы, сонымен қатар клиенттер тобы және кредит операциялары салалары бойынша кредит қоржынының сәйкес емес таратылуымен байланысты шоғырландыру тәуекелі.

Банк кредит тәуекелін басқару үшін кредит тәуекелін басқарудың келесі екі тәсілдер тобын қолданады:

1) кредит тәуекелін кредит жобасы немесе кредит операциясы деңгейінде басқару тәсілдері:

- тәуекелдерден жалтару тәсілі;
- тәуекелді беру тәсілі (сақтандыру жағдайында);

1) кредит тәуекелін Банктің кредит қоржыны деңгейінде басқару тәсілі.

Тәуекелді кредит жобасы немесе кредит операциясы деңгейінде басқару тәуекелдерден жалтару немесе жүйелі орындау арқылы тәуекелді беру тәсілімен жүргізіледі:

- 1) клиенттің кредит төлеу қабілеттілігін саралау;
- 2) кредит жобасын саралау және бағалау;
- 3) кредит өімін құрылымдау;
- 4) кредит операцияларын құжаттау;
- 5) кредит беруді және ол бойынша қамтасыздандыруды бақылау.

Тәуекелді кредит қоржыны деңгейінде басқару келесі тәсілдер арқылы жүргізіледі:

- 1) әртараптандыру (салалы, географиялық және қоржындық);
- 2) кредит тәуекелінің ұқсас сипаттамалары бар қарыз бойынша жалпы берешекті шектеу;

3) тәуекелдің өтемақысы (кредит операциялары бойынша шығынның орнын толтыру үшін сақтық қорларды құру).

Кредит тәуекелін басқарудың осы немесе басқа тәсілінің қолдануына тиімділік келесі факторларды есепке алумен анықталады:

- 1) тәсілді қолдануда Банктің өзіндік білімдері және тәжірибесі;
- 2) экономикалық тиімділік;
- 3) клиенттің түрі және оның қаржылық жағдайы;
- 4) кредит өіімінің осы немесе басқа түріне тән тәуекелдің қиындығы мен деңгейі.

Нарық тәуекелі - нарықтық пайыздық өлшемнің, шетел валютасы бағамының, қаржы құралдарының, тауарларының нарықтың бағасының қолайсыз өзгерісімен шартталған, теңгерімді және теңгерімнен тыс баптар бойынша қаржы шығындарының туындау ықтималдығы. Сонымен қатар мына факторларды қоса алғанда:

c) валюталық тәуекел – Банк өзінің қызметін жүзеге асыру барысында, шетел валютасы бағамының қолайсыз өзгерісі нәтижесінде қаржы шығындарының туындау ықтималдығы;

d) пайыздық тәуекел – актив, пассив және теңгерімнен тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық өлшемінің қолайсыз өзгерісі нәтижесінде қаржы шығындарының туындау ықтималдығы;

e) баға тәуекелі – қаржы құралдарының, тауарларының нарықтық бағасындағы қолайсыз өзгерісі нәтижесінде қаржы шығындарының туындау ықтималдығы;

f) Банктің нарықтық тәуекелін басқарудың тиімді жүйесін құру үшін нарықтық тәуекелді басқару тәсілінің кешенді қолданысы жүзеге асырылады. Ол тәсілдерге мыналар жатады:

1) тәуекелді болдырмау – нарық тәуекелінің нақты түрін толықтай алып тастау жолымен нарық тәуекелін бейтараптандыру бағыты, мысалы, тәуекел деңгейі өте жоғарықаржы операциясын жүзеге асырудан бас тарту немесе нарықтық тәуекелдің жоғары дәрежелі шоғырландыруы мен көпфакторлығына ие күрделіленген қаржы тәсімін қолданудан бас тарту;

2) әртараптандыру – кірістері өз араларында әлсіз ара қатынаста болған активтерді іріктеу есебінен тәуекелді бақылау. Әртараптандыру тетігі жүйесіз (айрықша) тәуекел түрлерінің жағымсыз қаржы салдарын бейтараптандыру үшін қолданылады және қоржын тәуекелін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Әртараптандыру тетігінің жұмыс істеу қағидасы оның шоғырлануына кедергі келдіретін тәуекелдерді бөлуге негізделген. Әртараптандыру бір оқиға үшін мүмкін болатын шығындарды барынша төмендетуге мүмкіндік береді, алайда бұл жағдайда бақылануы қажет тәуекел түрлерінің саны да арта түседі;

3) операцияларды шектеу тәуекелдің мөлшеріне шектеу қоюды және оның орындалуының кейінгі бақылануын түсіндіреді. Нарықтық тәуекелдерін шектеудің тетігі олардың деңгейінің ұйғарынды шегінен шыққан түрлеріне, яғни сынды немесе апатты тәуекел аумағында жүзеге асырылатын қаржы операцияларына қолданылады. Шектеуді қайта қарау жүйелі негізге байланысты, сонымен қатар нарықтық тәуекелді бағалау әдістемесін реттемелеуші ішкі нормативті құжаттарға сәйкес ерекше жағдайларда жүргізіледі. Бөлімшенің деңгейіндегі тәуекелдің барлық шектеулері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық талаптарды орындау қажеттілігін ескерген жағдайда анықталады;

4) нарықтық тәуекелін туынды бағалы қағаздар (фьючерстер, опциондар, айырбастар) арқылы, сәйкес операцияларды жүзеге асыру жолымен сақтандыру – тәуекел жағдайы туындаған кезде мүмкін қаржы шығындарын бәсеңдететін тиімділігі жоғары тетік болып табылады. Тәуекелді сақтандыру тәсілі мен өлшемдері, сонымен қатар сақтандыру тиімділігі (оңтайлылығы) мен құнының өлшемін белгілеу Банктің ішкі нормативті құжаттарына сәйкес іске асырылады.

Өтімділік тәуекелі – Банк өзінің міндеттемелерін белгіленген мерзімде айтарлықтай шығындарсыз орындай алмауы нәтижесінде шығындардың туындау ықтималдығы.

Өтімділік тәуекелін басқару үрдісі Банктің өтімділік активтерінде банктің жиынтық қажеттіліктерін анықтауға және түрлі тәртіптерде өтімділікті басқаруға бағытталған бірін-бірі толықтырушы тәсілдер жүйесін енгізуіне негізделеді.

Өтімділіктің қажетті деңгейін қолдау активтер мен пассивтерді басқару стратегиясына негізделеді, яғни мыналар арқылы:

- 1) өтімділік активтерін оған болжалды сұранысты қанағаттандыру үшін жинау;
- 2) өтімділікке күтпеген қажеттіліктің туындауы жағдайында нарыққа қаражаттарды тарту.

Банкте өтімділікті басқару мыналарды қамтиды:

1) стратегиялық жоспарлау: жоспарлау және сараптау жолымен өтімділікті басқаруға бағытталады, ағымдағы өтімділікті басқару Банктің қаржы операциясын жүзеге асыру жолымен өтімділіктің жедел реттеуі көзделген;

2) ағымдағы өтімділікті басқару: күн бойындағы өтімділік тәуекелі – Банк төлем міндеттемелерін, олардың көлемі күн бойының кез келген уақытында шоттағы кіріс қалдығының, кіріс төлемдерінің және ақшаның қолжетімді көзінің сомасын арттырған жағдайында орындай алмауы болып саналады. Күн бойындағы өтімділік тәуекелі қарсы әріптестің өзінің міндеттемелерін орындамау, кіріс және шығыс төлемдерінің арасындағы уақытша кідіріс, сонымен бірге Банктің бағдарламалық жасақтамасының жүйелік шалысуы нәтижесінде туындауы мүмкін.

Операциялық тәуекелі – сәйкес емес немесе жеткіліксіз ішкі үрдістер, адам ресурстары және жүйелері немесе сыртқы жағдайлар нәтижесінде шығындардың туындау ықтималдығы.

Операциялық тәуекелінің құрамына заңды тәуекелін қоса алғанда (стратегиялық және беделден айырылу тәуекелін санамағанда) тәуекелдің келесі түрлері кіреді:

1) Банктің белгісіз, сәйкес емес ұйымдық құрылымымен, сонымен қоса жауапкершілік, есеп берушілік және басқару құрылымымен байланысты тәуекел;

2) ақпаратты технологиялар саласындағы сәйкес емес стратегиялар, саясаттар және (немесе) стандарттарынан, бағдарламалық жасақтаманың жеткіліксіз қолданысынан туындаған тәуекел;

3) ақылға қонымсыз ақпараттармен немесе оның сәйкес емес қолданылуымен байланысты тәуекел;

4) қызметкерлерді және (немесе) Банктің біліксіз қызметкерлерін жанасымсыз басқарумен байланысты тәуекел;

5) бизнес үрдістерін сәйкес емес құрастырумен немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының нашар бақылауымен байланысты тәуекел;

6) Банк операциясына ішкі ықпалдардың күтпеген немесе басқарылмайтын факторларымен байланысты тәуекел;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалары талаптарына Банктің ішкі нормативтік құжаттарының сәйкессіздігімен байланысты тәуекел;

8) Банк қызметіне кері әсер ететін, Банк қызметкерлерінің әрекеттерімен байланысты тәуекел (алаяқтық).

Банкте операциялық тәуекелді басқару жүйесі үш деңгейлі қорғаныс жүйесі негізінде құрастырылады.

Операциялық тәуекелде барлық бизнес үрдістері мен Банктің қызмет бағыты расталған.

Банкте операциялық тәуекелді анықтаудың, қолайлы деңгейін бағалаудың және оның деңгейін бақылаудың тәртіптері белгіленген. Банкте операциялық тәуекелді басқару тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесіне біріктірілген. Банкте операциялық тәуекелді басқарудың жалпы тәсілі келесі жолдарды (кезендерді) қамтиды:

1) операциялық тәуекелді анықтау (сәйкестендіру, тәуекелдің қайнар көздерін анықтау және өткізудің себептері);

2) операциялық тәуекелді бағалау (тәуекелді ықтимал залал мөлшерінің бағасы есебінен бағалау);

3) операциялық тәуекел мониторингі (тәуекелді бәсеңдету тетіктерін/тәсілдерін дайындау және енгізу);

4) операциялық тәуекелді бақылау және ықшамдау (тәуекелді өткізуден болатын мүмкін залалды өтеуге арналған өтемдік құралдарын жасау) және өткізілген іс-шаралардың тиімділігінің мониторингі.

Банк келесі құралдардың көмегімен операциялық тәуекелге мониторинг пен бақылауды анықтайды, өлшейді, жүзеге асырады:

- 1) шығындар бойынша ішкі деректерді іріктеуді және сараптауды жүзеге асыру;
- 2) шығындар бойынша сыртқы деректерді іріктеуді және сараптауды жүзеге асыру;
- 3) жаңа өнімдегі/қызметтегі операциялық тәуекелді сәйкестендіру;
- 4) бизнес үрдістерін сипаттау (реттемелеу);
- 5) операциялық тәуекелдің өзін-өзі бағалауын жүргізу;
- 6) тәуекелдің негізгі көрсеткіштерін қолдану;
- 7) ішкі нормативті құжаттар жобасын растауды жүзеге асыру;
- 8) сценарийлік сараптаманы өткізу;
- 9) тәуекел картасын құрастыру;
- 10) салыстырмалы сараптаманы жүргізу;
- 11) аудиторлық тексеріс нәтижелерін пайдалану.

13. Өндірілетін немесе пайдаланылатын тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) жалпы құнынан 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде эмитент тауарларының тұтынушылары мен жеткізушілері туралы мәлімет.

Банк – қызметінің негізгі түрі банк қызметін көрсету болып табылатын қаржы ұйымы. Банк қызметі ауқымды шоғырының негізгі тұтынушылары заңды, жеке тұлғалар болып табылады.

Банктің өзінің клиенттеріне ұсынатын негізгі өнімі кредиттер болып табылады.

Салалары	Берешек мөлшері	Жалпы көлемнен %
АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	5 761 749	1.6%
ТАУ КЕНДІ ИГЕРУ ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ КЕН ОРЫНДАРЫН ҚАЗУ	5 567 290	1.5%
ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ	39 578 902	10.9%
СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ; КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ, ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУДЫ ЖӘНЕ БӨЛУДІ БАҚЫЛАУ	3 329 264	0.9%
ҚҰРЫЛЫС	32 180 039	8.9%
КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ БӨЛШЕК САУДА; АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН МОТОЦИКЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ	69 480 562	19.2%
КӨЛІК ЖӘНЕ ҚОЙМАҒА ЖИНАУ	11 351 621	3.1%
ТҰРУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР	9 947 319	2.8%
АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС	3 387 080	0.9%
ҚАРЖЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ	15 490 382	4.3%
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКПЕН ОРЫНДАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР	17 090 726	4.7%
ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ	1 548 791	0.4%
БІЛІМ БЕРУ	350 274	0.1%
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР	3 949 780	1.1%
ӨНЕР, ОЙЫН-САУЫҚ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС	2 244 660	0.6%
ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ҰСЫНУ	13 366 413	3.9%
ҮЙ ҚЫЗМЕТШІСІН ЖАЛДАЙТЫН ЖӘНЕ ӨЗІ ТҰТЫНУ ҮШІН ТАУАРЛАР ӨНДІРЕТІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	41 330	0.0%
КӘСІПТІК, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	34 769 414	9.6%
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР	92 266 329	25.5%
Клиенттерге берілген кредиттің жиыны (кредит қоржынының құнсыздануынан сақтық қорын шегергенге дейін)	361 701 925	100.0%

Мәліметтер 01.09.2017ж. берілген

4 Тарау. Эмитенттің қаржы жағдайы

14. Әрбір активтің сәйкес теңгерімдік құнын нұсқаумен, эмитент активінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитент активтері.

Жоқ

15. Эмитент активінің теңгерімдік құнынан 5 (бес) және одан да көп пайыз мөлшеріндегі дебиторлық берешек.

Жоқ

16. Эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, эмитент активінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитент активтері:

Жоқ

17. Сенімді басқаруға жіберілген эмитент активінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитент активтері:

Жоқ

18. Эмитент міндеттемелерінің теңгерімдік құнының 5 (бес) және одан да көп пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

Жоқ

19. Эмитенттің левередж мөлшері.

(мың.теңге)

Атауы	01.01.2015 (тексер.)	01.01.2016 (тексер.)	01.01.2017 (тексер.)	01.07.2017 (тек- меген.)	01.09.2017 (тек- меген.)
Жиынтық міндеттемелер	139 071 802	299 048 376	407 871 814	381 372 021	397 291 565
Жеке капитал	12 232 202	30 531 374	39 439 750	39 908 692	45 415 749
Левередж	11,4	9,8	10,3	9,6	8,7

20. Эмитент қызметінен алынған, соңғы аяқталған қаржы жылына, қаржы есебіне сәйкес аудиторлық есеп берумен расталған ақшалай қаражаттың таза ағыны.

(мың.теңге)

Атауы	2014жыл (тексер.)	2015жыл (тексер.)	2016жыл (тексер.)
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаты	18 091 271	(10 866 223)	25 139 400
Инвестициялық қызметтен алынған / (пайдаланылған) таза ақшалай қаражаты	(19 091 052)	(3 760 602)	(3 463 034)
Қаржы қызметінен алынған таза ақшалай қаражаты	5 600 000	16 963 698	5 300 000
Айырбас бағамы өзгерісінің ақшалай қаражатқа және оның баламына әсері	321 721	9 636 983	669 570
Ақшалай қаражаттың және оның баламының таза өсімі	4 921 940	11 973 856	27 645 936

5 тарау. Облигацияларды шығару туралы мәліметтер

Облигацияларды шығару туралы мәліметтер:	1) Облигация түрі – осы Аңдатпада көзделген облигацияларды акцияларға айырбастау жағдайында, тәртібінде және талаптарына сәйкес Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын қамсыздандырусыз атаулы купондық тәртіптелген Облигациялар (бұдан әрі – Облигациялар);
--	---

2) бір Облигацияның атаулы құны – 1 000 (бір мың) теңге;

3) Облигация саны – 71 140 189 дана

4) Облигация шығарудың жалпы көлемі – 71 140 189 000 теңге

5) Облигациялар бойынша сыйлықақы: сыйлықақы мөлшерлемесі облигацияның барлық айналым мерзіміне тиянақталған Облигацияның атаулы құнынан жылдық 4% мөлшерінде; купонды төлем жылына бір рет;

Облигациялар бойынша сыйақының басталуы басталатын күн - облигациялар айналымының басталу күні;

Айналымның бірінші жылына төлем екі траншпен жүзеге асырылады:

айналымнан кейінгі 30 (отыз) күнге бірінші транш,

алғашқы транш аяқталғаннан кейінгі қалған 330 (үш жүз отыз) күн үшін екінші транш.

- кейінгі сыйақы төлемдері осы Проспекте көзделген тәртіппен, атап айтқанда Облигациялар айналымы басталған күннен бастап жылына бір рет жүргізіледі;

Облигациялар бойынша сыйақы төлеудің тәртібі мен мерзімдері, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі - сыйақы төлеу бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу күнінен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Облигация иелерінің тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басында белгіленеді. Төлем күніндегі сыйақы номиналды құны мен өнімнің купондық мөлшерлемесі ретінде есептеледі. Сыйақы төлеудің соңғы мерзімі облигациялар бойынша берешектің негізгі сомасын төлеу арқылы бір мезгілде жүзеге асырылады. Барлық төлемдер (сыйақы төлеу және қарыздың негізгі сомасы) эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) қолма-қол емес тәртіппен жүргізіледі. Облигациялар бойынша сыйлықақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі – Сыйлықақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 уақыттық базасы қолданылады (жылына 360 күн/айына 30 күн);

6) атаулы құн валютасы, Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйлықақы бойынша төлем валютасы – барлық төлемдерді (сыйлықақы төлеу және қарыздың негізгі сомасы) Банк Қазақстан Республикасы ұлттық валютасында (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады;

7) Облигацияларды орналастыруды бастау күні және аяқтау күні:

Облигацияларды орналастыруды бастау күні облигацияларды листингке қосу күні болып табылады. Бұл ретте, Банк немесе ол арқылы Банк бақылауды іске асыратын немесе оның қызметіне елеулі әсерін тигізетін Банкпен байланысты тұлға Облигацияларды сатып алуға құқылы емес, сол сияқты Банк те тікелей немесе жанама түрде Облигацияларды сатып алуды қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы емес; Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Банктің дербес шотынан Облигацияларды шығысқа жазу және оларды Облигацияларды Ұстаушылардың дербес шотына есепке алу жолымен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде 3) тармақшада көрсетілген мөлшерде Облигациялармен мәмілені тіркеу күні болып табылады.

8) Облигациялардың айналымы басталу күні – Облигациялар бойынша алғашқы саудасаттық күні;

Облигациялардың айналым мерзімі – Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл;

9) Облигация айналымы жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздарды ұйымдасқан және (немесе) ұйымдаспаған нарығы) – Облигациялар айналымы бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында жоспарланған;

10) орналастырылатын Облигацияларды төлеу тәсілі – төлеу тәртібі мен талаптары «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ ішкі ережелерімен айқындалады;

11) Облигацияларды өтеу тәртібі:

Облигацияларды өтеу күні – Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткеннен кейін;

	<p>Облигацияларды өтеу талаптары – Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде Облигацияларды Ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен соңғы кезең үшін сыйлықақыны бір реттік төлеумен теңгемен берілген атаулы құн бойынша олардың айналымы мерзімі өткеннен кейін өтеледі;</p> <p>Облигацияларды өтеу тәсілі – Облигацияларды өтеу Облигациялар айналымының соңғы күні басына дейінгі ахуалы бойынша Банк Облигацияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде тіркелген облигацияларды Ұстаушылардың ағымдағы шотына соңғы кезең үшін сыйлықақы сомасы және Облигациялардың атаулы құнын қолма қол ақшасыз аудару жолымен жүргізіледі;</p> <p>12) Банктің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы – Банк бастамасымен Банктің Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу Облигациялар айналымы (не орналастырылуы) басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін ғана және мына талаптардың барлығын бір уақытта орындаған кезде мүмкін болады:</p> <p>а) бұл әрекет Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенті мәнінің уәкілетті орган белгілеген мәннен төмен азаюына алып келмейді,</p> <p>б) Банктің Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуына (қайтару/орындау) уәкілетті органның жазбаша қорытындысының болуы;</p> <p>в) дәл осындай немесе одан жақсы сападағы капиталды ауыстыру ретінде ұсыну;</p> <p>г) Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу (қайтару/орындау) салдарынан капиталдың талап етілетін ең төменгі деңгейінен жоғары Банк капиталдануын жақсарту;</p> <p>13) Облигациялар бойынша қамсыздандыру (ипотекалық және өзге қамсыздандырылған облигацияларды шығарған кезде) – аталмыш шығарылымдағы Облигациялар Банктің немесе байланысты тұлғаның кепілдігімен қамсыздандырылған немесе өтелген болып табылмайды, және де қандай да бір азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелерді және Банктің басқа кредиторлары алдында артықшылығы бар өзге талаптарды көздемейді;</p> <p>14) концессия шартының және инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде мемлекет кепілгерлігін ұсыну туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы деректемелері – Облигацияларды шығару инфрақұрылымдық болып табылмайды.</p>
<p>Облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төлемі жүргізілген айналым мерзімі өтіп кеткен бұрын эмитент шығарған облигацияларды шығару кезінде аталмыш облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигацияларды шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйлықақы сомасы қосымша көрсетіледі.</p>	<p>Облигациялар үшін төлем айналым мерзімі өтіп кеткен бұрын эмитент шығарған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төлеу мүмкіндігін көздемейді.</p>
<p>Облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай</p>	<p>Облигациялар Банктің қарапайым акцияларына айырбасталады. Облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акцияларының жалпы саны айырбасталатын Облигациялар саны мен айырбастау коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p>

<p>акциялар бойынша құқықтар</p>	<p>Айырбастау коэффициентін пайдаланумен алынған Облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акцияларының жалпы саны мына ережелерге қарай дөңгелектеуге жатады:</p> <p>есептеуге тұтас санның оныншы бөлігі қабылданады (үтірден кейін бір таңба); бестеп бастап онға дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектенеді және тұтас сан бірлікке үлкейтіледі; нөлден бастап төртке дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектенеді және тұтас сан өзгеріссіз қалады.</p> <p>Айырбастау коэффициенті мына формуламен есептеледі:</p> $\text{Айырбастау коэффициенті} = \frac{\text{Бір Облигация құны}}{\text{Банктің бір акциясының қалдық құны}}$ <p>мұнда,</p> <p><i>a) Бір Облигация құны бір Облигацияның атаулы құны мен ол бойынша айырбастаған күнге дейін есептелген (төленбеген) сыйлықақы жиынтығы ретінде есептеледі;</i> <i>b) Банктің бір акциясының қалдық құны мына формуламен есептеледі:</i></p> $\text{Банктің бір акциясының қалдық құны} = \frac{\text{БСК} - \text{К} - \text{Р}}{\text{Банктің орналастырылған акциялары саны}}$ <p>мұнда,</p> <p><i>c) БСК – айырбастау күніне дейінгі Банктің теңгерімдік жеке капиталы;</i> <i>d) К – егер бұрын танылған және амортизацияланбаған кіріс бар болған жағдайда, айырбастау күніне дейін ҚЕХС¹ сәйкес Облигацияларды айырбастауды іске асыру салдарынан жүргізілетін Облигациялар бойынша осындай бұрын танылған және амортизацияланбаған кіріс сомасына Банктің теңгерімдік жеке капиталын кеміту бойынша бухгалтерлік жазбалар (түзетулер);</i> <i>e) Р – соңғы есептік күнге дейін Басшылыққа¹ сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен айырбастау күніне дейінгі ҚЕХС және бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес банктің бухгалтерлік есебінде қалыптасқан және көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы жағымды айырмашылық (бұдан әрі – Жағымды айырмашылық).</i></p> <p>Айырбастау күні деп уәкілетті органның облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылдаған күніне дейінгі жұмыс күн танылады.</p> <p><i>Егер (БСК – К – Р) ≤ облигацияларды шығарудың жалпы көлемінен 1% болған жағдайда, айырбастау коэффициенті мына формуламен есептеледі:</i></p> $\text{Айырбастау коэффициенті} = \frac{\text{Банктің орналастырылған акциялар саны} * 99}{\text{Айырбасталатын Облигациялар саны}}$ <p>Облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акцияларын орналастыру бағасы, Облигацияларды шығару аңдатпасына сәйкес, Банктің қарапайым акцияларына Облигацияларды айырбастау үшін қажет бағаға тең. Облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акцияларын ұстаушылар басқа акционерлер – Банктің қарапайым акцияларын ұстаушылар сияқты дәл сондай құқықтарға не болады.</p>
<p>Облигацияларды акцияларға айырбастау тәртібі және талаптары</p>	<p>Облигацияларды ұстаушылар осы Аңдатпа талаптарына сәйкес Банк қабылдаған бір және (немесе) бірнеше шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда ғана Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастауды жүзеге асыруға құқылы.</p> <p>Осы Аңдатпа талаптарына сәйкес Банк қабылдаған шектеуді (ковенантты) бұзу дерегі, Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастау туралы шешім, облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акциялары саны және айырбасталатын Облигациялар саны уәкілетті орган Басқармасы шешімімен айқындалады.</p> <p>Уәкілетті орган Басқармасының шешімі уәкілетті орган Банкке шектеуді (ковенантты) бұзу белгілерін анықтау туралы алдын-ала хабарлама жолдағаннан кейін және Банк аталмыш хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған</p>

	<p>негізделген қарсылықпен (растаушы құжаттар көшірмелерін қоса тіркеумен) Банктің жазбаша жауабын қарастырғаннан кейін қабылданады. Уәкілетті орган хабарламасында Облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акциялары санын алдын-ала есептеу және айырбасталатын Облигациялар саны көрсетіледі. Банк аталмыш хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банктің уәкілетті органға жазбаша жауап ұсынбауы негізделген қарсылықтың жоқтығын білдіреді. Облигацияларды қарапайым акцияларға айырбастау мына тәртіпте жүргізіледі:</p> <p>(i) осы Аңдатпа талаптарына сәйкес Банк қабылдаған шектеуді (ковенантты) Банк бұзған жағдайда, уәкілетті орган Басқармасы Аңдатпа талаптарына сәйкес шектеуді (ковенант) бұзу дерегінің болуы, Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды және Облигациялар айырбасталатын Банктің қарапайым акциялары санын және айырбасталатын Облигациялар санын бекітеді;</p> <p>(ii) уәкілетті орган шешім қабылдағаннан кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды айырбастау құқығын жүзеге асыру үшін Облигацияларды ұстаушыларға және Банкке Басқарма шешімінің көшірмесімен жазбаша хабарлама жолдайды;</p> <p>(iii) Облигацияларды Ұстаушылар уәкілеті органның жазбаша хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ Банктің қарапайым акцияларына Облигацияларды айырбастау туралы жазбалар енгізу бойынша операцияларды жүргізу бойынша шаралар қолданады.</p> <p>Банк Облигациялар айырбасталуын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес барлық қажет әрекеттерді қолдануға міндетті. Облигацияларды айырбастау құқығы Аңдатпа талаптарына сәйкес Банк қабылдаған шектеу (ковенант) әрекет еткен кезең ішінде тіршілік ететін болады. Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастау осындай айырбастау үшін қандай да бір сыйлықақыны төлеусіз жүзеге асырылады.</p> <p>Банк және оның акционерлері Банктің бір акциясының қалдық құны мен айырбастау күніне дейінгі Банктің қарапайым акциясының нарықтық құны арасындағы айырмашылық нәтижесінде Облигацияларды ұстаушылардан қандай да бір төлемдер алуға құқылы емес.</p> <p>Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастаған жағдайда Облигациялар шығарылымы, уәкілетті орган Басқармасы шешіміне сәйкес, ішінара не толығымен айырбасталады.</p> <p>Облигация шығарылымы толығымен айырбасталған жағдайда, Облигациялар шығарылымы айырбастауды аяқтаған күннен бастап бір ай ішінде жоққа шығаруға жатады.</p> <p>Егер Облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталмаған жағдайда, онда сатылып алынған Облигациялар Банктің одан әрі иеліктен шығаруына жатпайды және жүгінген мерзім аяғында өтеледі.</p>
<p>Облигациялар ұстаушылары өкілі туралы мәліметтер</p>	<p>Толық атауы: «ZIM Capital» акционерлік қоғамы Қысқартылған атауы: АО «ZIM Capital» АҚ Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 162 А/2, тел. 8 (727) 390 -13 -95 Шарт күні және нөмірі: 29.03.2016ж. 25-4/79</p>
<p>Төлем агенті туралы мәліметтер</p>	<p>Төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйлықақы және атаулы құнды төлеуді Банк өз бетінше іске асырады.</p>
<p>Облигациялардың өз ұстаушысына беретін құқықтары</p>	<p>1) Облигацияларды ұстаушы құқылы:</p> <p>а) Облигациялардың атаулы құнын, сондай-ақ осы Аңдатпада көзделген талаптарда және мерзімде тиянақталған сыйлықақы алуға;</p> <p>б) осы Аңдатпада көзделген айырбастау тәртібіне және талаптарына сәйкес Банктің қарапайым акцияларына Облигацияларды айырбастауға;</p> <p>в) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Шартта көзделген тәртіпте және талаптармен ақпарат алуға;</p> <p>г) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге құқықтар.</p> <p>Банкті таратқан кезде Облигациялар бойынша талаптар (қамсыздандырылмаған міндеттеме) акционерлер – қарапайым акциялар иелері талап еткенге дейін сегізінші кезекте қанағаттандырылады.</p> <p>2) Облигацияларды ұстаушы Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алу (қайтару/орындау) туралы талап қоюға құқылы емес. Банк Облигацияларды Ұстаушыға оларды бұзған жағдайда Банкті Облигацияларды қайта өтеуін төлеп алуға түрткі болуға құқық беретін Облигациялардың аталмыш шығарылымына шектеулер (ковенанттар) қабылдамайды;</p>

	<p>3) егер сыйлықақыны және (немесе) негізгі қарызды төлеу өзге мүліктік құқықтармен облигациялар шығарылымы аңдатпасына сәйкес жүргізілетін болса, осы құқықтар сипаттамасы, олардың сақталу тәсілдері, бағалау тәртібі және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалар тәртібі, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын жүзеге асыру тәртібі – бұл талап Облигациялар шығарылымына қолданылмайды.</p>
<p>Орын алған кезде эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау мүмкіндігі бар оқиғалар туралы мәліметтер</p>	<p>Дефолт – Банк Облигациялары бойынша міндеттемелердің орындалмауы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Банк Облигациялары бойынша дефолт осы Аңдатпада белгіленген Облигациялар бойынша купондық сыйлықақыны және/немесе Облигациялардың атаулы құнын төлеу мерзіміне аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Облигациялар бойынша купондық сыйлықақыны және/немесе Облигацияның атаулы құнын төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда орын алады; - егер мұндай төлем және/немесе толық емес төлем Банктің сыйлықақыны және/немесе атаулы құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкін емес ететін Облигациялар Ұстаушының банктегі шотының анық емес не толық емес деректемелерін алу, не болмаса БҚБТ Облигацияларды Ұстаушылар тізілімін Банкке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде ұсынбауы нәтижесі болса, осы Аңдатпада белгіленген мерзімде Банктің сыйлықақыны және/немесе Облигациялардың атаулы құнын төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды; - егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдары болып табылса, осы аңдатпа бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін Банк жауапкершіліктен болсатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп орын алуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар түсініледі (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.с.с.). Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Банктің осы Аңдатпа бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар және олардың салдары әрекет еткен уақыт кезеңіне сай тоқтатылып қояды; - осы Аңдатпада белгіленген мерзімде Облигациялар бойынша купондық сыйлықақы және/немесе Облигациялардың атаулы құны Банк кінәсінен төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Банк Осы шығарылым Облигацияларын Ұстаушыға ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнге дейінгі (яғни төлем іске асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге дейінгі) уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлеуге міндеттенеді; - дефолт орын алған жағдайда, Банк Облигацияларды Ұстаушыға Облигациялар бойынша дефолт туындауы себептерін, орындалмаған міндеттемелер көлемін егжей-тегжейлі сипаттаумен және Банкке талаппен жүгіну тәртібін қоса алғанда өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды Ұстаушының ықтимал әрекеттері тізбесін көрсетумен жазбаша хабарлама жолдау арқылы міндеттемелердің осы Аңдатпада белгіленген күііне дейін 3 (үш) жұмыс күннен кешікпейтін мерзімде дефолт орын алуы дерегі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. - Банк және акционер(-лер) өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бермеу мақсатында барлық қажет іс-шараларды іске асырады және барлық қажет шараларды қолданады, алайда аталмыш шығарылымдағы Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Банк және акционер(-лер) дефолтты туындатқан себептерді жою үшін бар күшін салады, соның ішінде, қаржылық жай-күйін жақсарту бойынша шаралар қолданады; - аталмыш шығарылымдағы Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Облигацияларды Ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Аңдатпада және Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылатын болады; - Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Банк мндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалған тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылатын болады.
<p>Егер опциондар эмитент облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе, опцион жасау талаптарын көрсетумен опциондар туралы ақпарат</p>	<p>Облигацияларды сатып алуға опциондар көзделмеген.</p>

<p>Облигацияларды өтеген сәтке дейін сыйлықақы төлеудің әрбір кезеңі қимасында негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйлықақы төлеу үшін қажет эмитенттің ақшалай қаражаты көздері мен ағындарына болжам</p>	<p>Осы Аңдатпаға 2 қосымшада ұсынылған.</p>
<p>Бұзылуы Облигация Ұстаушысының Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастауды талап ету құқығын іске асыруына алып келетін эмитент қолданатын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар). Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде ұстаушының әрекет ету тәртібі</p>	<p>Біреуін немесе бірнешеуін бұзу Облигация ұстаушылардың осы аңдатпада көзделген айырбастау тәртібі және талаптарына сәйкес Облигацияларды Банктің қарапайым акцияларына айырбастау құқығын іске асыруға алып келетін Облигациялар айналымы (не орналастырылуы) басталған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде әрекет ететін өз әрекетінде Банк мынадай шектеулерді (ковенанттарды) қолданады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Банк уәкілетті орган белгілеген жеке капиталының жеткіліктілік коэффициенттерін орындауға міндеттенеді. 2. Банктің және оның акционерінің(-лерінің) басшылық етуші қызметкерлері тарапынан Банк активтерін шығару жөніндегі әрекеттері дерегінің болмауы. <p>Банк активтерін шығару бойынша Банкке нәтижесінде Банктің қаржылық жай-күйінің және/немесе төлем қабілеттілігінің нашарлауын алып келуі мүмкін айтарлықтай залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін мына жағдайлар түсініледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Банк мүлкін, аталмыш мүлікті ұстаумен және өткізумен байланысты Банктің барлық шығындарын ескерумен, тәуелсіз бағалаушы бағасымен айқындалған аталмыш мүліктің нарықтық құнынан төмен құн бойынша үшінші тұлғаларға сату/иеліктен шығару; - үшінші тұлғалардан төмен сападағы немесе тәуелсіз бағалаушы бағасымен айқындалған нарықтық құннан жоғары бағамен мүлік және (немесе) қызметтерді сатып алу немесе үшінші тұлғалардың осыған ұқсас мүлік және (немесе) қызметтері сатылып алынбаған жағдайларда; - Қазақстан Республикасы резиденттері және резиденті емес – атаулы ұстаушыларда ашылған Банктің дербес шоттарынан ұйымдасқан нарықта айналымда жүрген бағалы қағаздарды үшінші тұлғаларға сату/иеліктен шығару; - әдеттегі қызмет аясынан шығатын жеңілдікті талаптағы қарыздарды немесе көрінеу қайтарылмайтын қарыздарды беруді қосқанда, ерекше, әдеттен тыс немесе ауыртпалықты шарттар жасау; - Басшылыққа сәйкес жеке негізде бағаланатын қарызды өтеу деңгейін Басшылықта айқындалған кепілзаттың сенімсіз түрлеріне жатпайтын қамсыздандырумен 70% және одан артық төмендету; - Банк мүлкін, егер Банк өзімен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен шарт жасасса және шарт талаптарын орындамаса, қарыз міндеттемесі бойынша шегінбелі ретінде беру, ал шартта шегінбелі ретінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаға берілетін мүлік болады; - Банктің және Банктің еншілес ұйымдарының шаруашылық қызметін жүзеге асыруына кедергі келтіретін әрекеттерді жүзеге асыруы, әдеттегі шаруашылық қызметі айналымы (Облигацияларды орналастыру) күні жүзеге асырылған тәртіпте қызметтік үздіксіздігі қағидатына қарай. <p>Аталмыш шектеулер (ковенанттар) активтер сапасын жақсарту, соның ішінде проблемалы активтерді қайтару аясында Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және процедураларына сәйкес жүргізілетін Банк іс-шараларына таралмайды.</p> <p>Облигациялар айналым (не орналастыру) басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өтін кеткенге дейін Банктің жеке капиталының жеткіліктілік коэффициенті мәндерін (k1, k1-2, k2), 100 (жүз) пайыз мөлшерде негізгі капиталды есептеуден соңғы есептік күніне дейінгі Жағымды айырмашылық мөлшерін шегерген жағдайда, уәкілетті орган белгілеген жеке капитал буферін ескерумен жеке капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің (k1, k1-2, k2) ең төменгі мәндерінен асатын деңгейге дейін жеткізген жағдайда, Аңдатпада келтірілген шектеулер (ковенанттар) уәкілетті орган аталмыш деректі таныған күннен бастап күшін жояды.</p>
<p>Облигацияларды орналастырудан Банк алатын</p>	<p>Облигациялар орналастырудан Банк алған ақша толық көлемде уәкілетті орган шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға жолданады.</p>

<p>ақшаны пайдалану мақсаттары және тәртібі; Орын алғанда алынған ақшаны жоспарланған болудегі өзгерістер мүмкін болатын жағдайлар, осындай өзгерістерді көрсетумен</p>	<p>Банк уәкілетті органмен келісумен босатылған соманы Банк пен оның филиалдарының қызметін белсендіруге жолдап, мемлекеттік бағалы қағаздарды кезең-кезеңмен өткізуге құқылы.</p>
---	--

6 тарау. Инвесторларға арналған ақпарат

1) Облигациялардың аталмыш шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борышқорлық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер:

Облигациялар саны	40 000 000 000 (қырық миллиард) дана
Облигацияларды шығару көлемі	40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге
Облигациялар түрі	Қамсыздандырылусыз атаулы купондық облигациялар (бұдан әрі - Облигациялар)
Бір облигацияның атаулы құны	1,00 (бір) теңге
Борышқорлық бағалы қағаздарды әрбір шығарудың мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі - F32 Мемлекеттік тіркеу күні – 22.06.2016ж.
әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борышқорлық бағалы қағаздардың саны	Орналастырылмаған
сондай-ақ борышқорлық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	Орналастырылмаған
борышқорлық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйлықақының сомасы	Орналастырылмаған
төлеп алу күні көрсетілген төлеп алынған борышқорлық бағалы қағаздар саны	Орналастырылмаған
бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында эмитенттің өз міндеттемелерін орындамағаны туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйлықақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру), орындалмаған міндеттемелер молшері және ондайларды орындаудың мерзімін кешіктіру мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйлықақылар сомасы (түрлер және шығарылымдар бойынша жеке-жеке);	Жок
егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымы тоқтатылып қойса немесе өтпеді деп танылса, не күшін жойса, мұндай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздеме және оларды қабылдау күні көрсетіледі;	Жок
эмитенттің бағалы қағаздары айналымда жүрген нарықтар, сауданы ұйымдастырушылар атауларын қоса алғанда	Облигациялар «Қазақстандық қор биржасы» АҚ сауда алаңында бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда болады
ұстаушылар айналымында жүрген бұрын шығарылған облигациялардың әрбір түрі ұсынатын құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде жүзеге асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар, ұстаушылардың аталмыш құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсетумен;	<ul style="list-style-type: none"> ➤ шығарылым Аңдатпасында көзделген мерзімде облигациялардың атаулы құнын алу; ➤ шығарылым Аңдатпасында көзделген тәртіпте және мерзімде тіркелген сыйлықақыны алу;

	<p>➢ облигацияларды еркін сату және басқа түрде меншіктен шығару;</p> <p>➢ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте ақпарат алу;</p> <p>➢ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру;</p> <p>➢ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге мәселелер.</p> <p>Аталмыш шығарылымдағы облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p>
--	--

2) аталмыш құжаттарға өзгертулер және толықтырулармен эмитент жарғысы, облигациялар шығарылымы аңдатпасы (облигациялық бағдарлама аңдатпасы) көшірмесімен танысу үшін алу орындары;

ИнвесторларБанктің www.qazaqbanki.kz корпоративтік интернет-ресурсында немесе "Qazaq Banki" АҚ атқарушы органының орналасқан жері бойынша мекенжайдан (Алматы қ., Медеу ауданы, Фурманов көшесі, 279 үй, пошта индексі 050059), сондай-ақ «Қазақстандық қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми интернет-ресурсында құжаттармен таныса алады.

3) эмитент жарғысына сәйкес эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары атаулары;

ИнвесторларБанк қызметі туралы ақпаратпен Банктің www.qazaqbanki.kz корпоративтік интернет-ресурсында сондай-ақ «Қазақстандық қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми интернет-ресурсында таныса алады.

4) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілілігі көрсетілген соңғы 2 (екі) аяқталған қаржы жылы ішіндегі эмитенттің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырған (жүзеге асырып жүрген) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

- 2016 жыл үшін – «ALMIRCONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. «Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымның толық мүшесі болып табылады;
- 2015 жыл үшін – «ALMIRCONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. «Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымның толық мүшесі болып табылады;

5) облигацияларды шығаруға және оларға қызмет көрсетуге эмитенттің шығын сомасы, сондай-ақ аталмыш шығындардың төлену жолдары туралы мәліметтер.

Облигацияларды шығару, орналастыру және қызмет көрсету бойынша шығыстар «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, «Қазақстан қор биржасы» АҚ тарифтеріне, сондай-ақ облигацияларды ұстаушы өкілінің тарифтеріне сәйкес белгіленеді. Бұл шығындар ағымдағы шотқа ақша аудару арқылы өз қаражаттарынан төленеді.

Басқарма Төрағасы



Г.Б. Токсанбаев

2017 ж. « 31 180304 »
ТҮРКІЛІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫқ ОРТАМ
ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫқ ОРТАМ
ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАҒАЗДЫ



Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық қатынастар
министрлігі



СВИДЕТЕЛЬСТВО о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

31 октября 2017 года

г. Алматы

№ F-64

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию выпуска облигаций акционерного общества «Qazaq Banki» (Республика Казахстан, 050059, ул. Фурманова, 279), бизнес-идентификационный номер 950.140.000.367.

Выпуск разделен на **71 140 189** (семьдесят один миллион сто сорок тысяч сто восемьдесят девять) именных купонных субординированных облигаций без обеспечения, конвертируемые в простые акции, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZ2C0Y15F640**.

Номинальная стоимость одной облигации 1000 (тысяча) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 71 140 189 000 (семьдесят один миллиард сто сорок миллионов сто восемьдесят девять тысяч) тенге.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером **F-64**.

Заместитель Председателя



Курманов Ж.Б.

Серия С

№ 0001878



**Бағалы қағаздардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2017 жылғы 31 қазан

Алматы қ.

№ F-64

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БСН 950.140.000.367 тіркелген «Qazaq Banki» акционерлік қоғамының (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Фурманов к., 279) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

Шығарылым **KZ2C0Y15F640** ұлттық сәйкестендіру нөмірі берілген **71 140 189** (жетпіс бір миллион бір жүз қырық бір жүз сексен тоғыз) камтамасыз етілмеген акцияға айырбасталатын атаулы купондық реттелген облигацияларға бөлінген.

Бір облигацияның номиналдық құны 1000 (бір мың) теңге.

Облигациялардың шығарылым көлемі 71 140 189 000 (жетпіс бір миллиард бір жүз қырық миллион бір жүз сексен тоғыз мың) теңге болады.

Шығарылым Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне **F-64** нөмірімен енгізілген.

Төрағаның орынбасары

Ж.Б. Құрманов



Серия С

№ 0001878

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

31.10.2017 № 33-11-05/2043

АО «Qazaq Banki»

050059, г. Алматы,
ул. Фурманова, 279

О государственной регистрации выпуска облигаций

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию выпуска облигаций АО «Qazaq Banki» и направляет соответствующее свидетельство и один экземпляр проспекта выпуска облигаций с отметкой уполномоченного органа о регистрации.

Напоминаем о необходимости представления в уполномоченный орган отчетов об итогах размещения облигаций в сроки, установленные пунктом 2 статьи 24 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг».

Вместе с тем, в целях обеспечения оценки эффективности деятельности Национального Банка Республики Казахстан и повышения качества оказываемых государственных услуг, просим заполнить прилагаемую карточку оказания государственной услуги. Данная карточка заполняется первым руководителем (либо лицом, его замещающим) и подлежит возврату в уполномоченный орган в течение пятнадцати календарных дней с даты получения.

Кроме того, обращаем внимание на то, что в случае принятия решения о выпуске облигаций, облигационной программы и выпуска облигаций в пределах облигационной программы, услугополучатель в соответствии со Стандартом государственной услуги «Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций», утвержденным постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 30.04.2015г. № 71, имеет возможность получения указанной государственной услуги в электронной форме через веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz.

Заместитель Председателя

Курманов Ж.Б.

Исп.: Бердыгулова М.,
тел.: 2788 017 (5594)
№ 0069527

